

**2002 жылғы 7 қазандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің кәмелетке толмағандарды олардың тұрақты тұратын мемлекеттеріне қайтару мәселелеріндегі ынтымақтастығы туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 15 қазандағы № 826 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2014 жылғы 30 мамырда Минскіде жасалған 2002 жылғы 7 қазандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің кәмелетке толмағандарды олардың тұрақты тұратын мемлекеттеріне қайтару мәселелеріндегі ынтымақтастығы туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

1 5

қ а з а н д а ғ ы

№            8 2 6

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**2002 жылғы 7 қазандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің кәмелетке толмағандарды олардың тұрақты тұратын мемлекеттеріне қайтару мәселелеріндегі ынтымақтастығы туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын 2002 жылғы 7 қазандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің кәмелетке толмағандарды олардың тұрақты тұратын мемлекеттеріне қайтару мәселелеріндегі ынтымақтастығы туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің үкіметтері, кәмелетке толмағандарды олардың тұрақты тұратын мемлекеттеріне қайтару мәселелеріндегі ынтымақтастықты жалғастырудағы мүдделілікті ескере отырып, төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

2002 жылғы 7 қазандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің кәметке толмағандарды олардың тұрақты тұратын мемлекеттеріне қайтару мәселелеріндегі ынтымақтастығы туралы келісімнің 17-бабының бірінші және екінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:  
«Егер Тараптар өзгеше шешім қабылдамаса, осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады».

## 2-бап

Осы Хаттама 2014 жылғы 10 маусымнан бастап уақытша қолданылады және оған қол қойған Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші хабарлама депозитарийге сақтауға берілген күнінен бастап күшіне енеді. Қажетті рәсімдерді кейінірек орындаған Тараптар үшін Хаттама тиісті құжаттарды депозитарийге тапсырған күнінен бастап күшіне енеді.

2014 жылғы 30 мамырда Минск қаласында бір түпнұсқа данада орыс тілінде жасалды. Түпнұсқа данасы оның куәландырылған көшірмесін осы Хаттамаға қол қойған әр мемлекетке жіберетін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады.

*Әзербайжан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Ресей Федерациясының*

*Армения Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Тәжікстан Республикасының*

*Беларусь Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Түрікменстанның*

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Өзбекстан Республикасының*

*Қырғыз Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Украина Үкіметі үшін*

*Молдова*

*Республикасының*

*Үкіметі үшін*